



**Автор:** Бозмбекова Айнур Сабыржановна

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Компьютер мен желілердің техникалық сипаттамалары

**Тақырып:** Ақпаратты өлшеу

Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: ақпарат көлемін өлшеудің алфавиттік әдісті қолдану Көпшілік оқушылар: ақпарат көлемін алфавиттің қуаттылығын анықтай алу Кейбір оқушылар: ақпарат көлемін анықтау әдістерін талдау
------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут Ой қозғау)	1.Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Көңілді тілектер «Мозайка» әдісі Сыныпты Гигабайт және Терабайт деген жазулар қиындысы арқылы 2 топқа бөлу, топ басшыларын сайлау. Сұрақтарға жауап беру: • Сізде флешкалар бар ма? • Олардың көлемі қандай? • Бұл көлем нені білдіреді және оған қанша ақпарат сақтауға болады? • Ішкі қатты дискілермен CD және DVD дискілерінің өлшем бірліктерінің айырмашылықтарын атау.	
Сабақтың ортасы (Топтық жұмыс 13 мин Жұптық жұмыс 7 мин Топтық жұмыс 12 мин)	1. Тапсырма Білу және түсіну 1. Ақпаратты өлшеу бірліктері атаңдар? 2. Ақпаратты өлшеуде қандай екі тәсілді белгілейсіңдер? 3. Алфавиттік тәсіл деп нені айтамыз? 4. «Алфавиттің қуаттылығы» түсінігі нені білдіреді? 5. Алфавиттік тәсілді қай кезде қолданған ыңғайлы? «Жигсо» әдісі арқылы оқушылар жұмыс жасайды.Түсінгендерін ортада талқылайды Дескриптор: 1. Ақпарат өлшемін анықтау тәсілін біледі. 2. Ақпарат өлшемімен айырмашылығын біледі. ҚБ. Ауызша мадақтау, ынталандыру 2. Тапсырма «Шаршы» әдісі арқылы оқушылардың дәлелдемесі мен келтіре үйренеді. Қуаттылығы 8-ге тең алфавиттің әр бір таңбасын екілік код арқылы кодтаңдар? Ретт 1 2 3 4 5 6 7 8 код 000 001 010 011 100 101 110 111 Ретт 9 10 11 12 13 14 15 16 код 1000 1001 1010 1011 1111 10000 10001 10010 Дескриптор: 1. Ақпарат көлемін анықтаудың өлшемін біледі; 2. Алфавиттік тәсілді қолдану кезінде мәтіннің ақпараттық көлемін анықтайды; 3. Ақпаратты бір өлшем бірлігінен екінші өлшем бірліктерін ауыстырды. ҚБ. Ауызша мадақтау, ынталандыру 3. Тапсырма «Фишбаун» әдісі Оқушылар балық қаңқасын сызады Жоғарғы қабырғаларына өткен тақырып туралы сұрақтар жазады. Келесі топ төменгі қабырғаларына жауып жазады. Дескриптор: 1. Әртүрлі өлшем бірліктегі ақпаратты салыстыра алады. ҚБ. Смайликтер арқылы бағалау	Информатика 8 сынып оқулығы Интербелсенді тақта А4 парағы Плакат, маркер Плакат, маркер
Сабақтың соңы (3 мин)	Үй тапсырмасы 1.Қандай сөйлем бізге ақпарат болады, ал қайсысы ақпарат бола алмайды? 2.7 килобайтта неше бит бар? 3. CD дискіге қанша ақпарат сияды, ал DVD дискіге қанша ақпарат сияды? 4. Қандай ақпарат тасығыштарда үлкен орын алады? 5. Бейне /видео/ ақпарат пен дыбыстық /аудио/ ақпарат көлемінде қандай айырмашылықтар бар? Қандай ақпарат тасығыштарды білесіңдер? 6.Адам миының ақпарат сиымдылығы орташа есепте нешеге тең? Жеке жұмыс Кері байланыс: Сабақтан үйренген, білген, алған әсерлерін Стикер	Ғалам-тор арқылы іздену